

- Тәрбие жұмысына ұлттық бағыт беретін әдістемелерді үйрету.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында патриотизм мен азаматтылықты қалыптастыру әрбір білім беру ұйымының жұмысындағы міндетті мақсатты бағдар болып табылады.

Жаңартылған білім мазмұнында баланың жеке тұлғасын дамыту, сыни ойлау, өмірлік дағдылар қалыптастыру басты назарда. Бірақ осының бәрі ұлттық негізде құрылса ғана жас ұрпақ өз тамырынан ажырамай, заман талабына сай дамып отырады. Мысалы, халықтық педагогиканың озық үлгілерін оқу бағдарламасына енгізу, халық ауыз әдебиеті, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, ертегілер, батырлар жыры арқылы тәрбие беру — балалардың ұлттық санасын арттыруда үлкен рөл атқарады.

Ұлттық құндылықтарды сақтаудың тағы бір маңызды жолы – білім беру үдерісін цифрландыруды тиімді пайдалану. Қазіргі таңда интернет, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар, электронды оқулықтар арқылы жастарға қазақ тілінде, ұлттық мазмұндағы сапалы контент ұсынуға болады. Осы арқылы олар ұлттық тарих пен мәдениетті, ұлы тұлғаларды тереңірек танып, рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Сонымен қатар, ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен ұлттық көзқарасы да ерекше маңызға ие. Мұғалім – тек білім беруші емес, сонымен бірге ұлттық тәрбиешінің рөлін атқарады. Сондықтан педагог кадрларды даярлау мен қайта даярлау курстарында ұлттық құндылықтарды оқыту, халықтық педагогиканы меңгерту, ұлттық дүниетаным негіздерін үйрету – заман талабы.

Қорыта айтқанда, «Мәңгілік Ел» – тек ұран емес, бұл – халқымыздың болашаққа деген сенімі, ұлттық бірлікті нығайтатын басты идея. Бұл идеяны жүзеге асыру – әрбір ұстаздың, әрбір ата-ананың және барша қоғамның ортақ міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Казахстанская правда газеті. № 437–438. 15.12.2012.
2. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде тәрбиелеу / Ж.А. Мақатова, А.Д. Танатова, Л.А. Дорожкина. – Алматы: «Өрлеу» БАҰО» АҚ, 2017. – 73 б.
3. Өзекті саяси үлкен энциклопедия. — М.: Эксмо. А.В. Беляков, О.А. Матвейчев. 2009 ж.
4. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан жастарының II конгресінде сөйлеген сөзі, Астана, 2002 жыл.
5. <https://articlekz.com/article/21540> – «МӨНГІЛІК ЕЛ» жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтық негіздері Қазақстандық бірегейлікті нығайтушы фактор ретінде.

ӘОЖ 378

САЛТАНАТ ҚУАТҚЫЗЫ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БІЛІКТІ, ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ҒАЛЫМЫ

Жуматаева Е.Ө.

«Торайғыров университет» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан

Бүгінде тәуелсіз Қазақстан дәуірінде «Қасында жүр жақсылар» деген болашақ қамын өйлауға тірек болар жан қуатына дауа ұғымға мән бермеушілік белең алуда. Заман түзелгеннен бері осы Заман ғалымдарын ұлықтау әдебі күннен - күнге орындалмай келеді. Мұның өзі кейінгі ұрпаққа алдыңғы ғасырларға еңбек сіңірген ғұламаларды айта беруіміздің таптаурын (стереотип) болуына әкелері сөзсіз.

Кешегі зұлмат заманда соғыстың бетін әрі буруға себеп болған Жезқазған жерінен бүгінгі күннің ғылымын жас бүлдіршіндерге арнаған, өзінің ұлттық құндылығын педагогика ғылымының ауқымындағы тәрбиенің адамгершілік нысанына бағамдаған Абильдина Салтанат Қуатқызы 1970 жылдың мамырында дүние есігін ашқан. 1989 жылы Жезқазған педагогикалық училищесін үздік бітірін, КарПИ-дың педагогика факультетіне «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1993 жылы үздік тәмамдады. Салтанаттың осы жолынан аңғарғанымыз: алдымен өзінің оқыған педагогикалық училищесін және оған деген сүйіспеншілігін байқау қиын емес. 1993 жылдан бастап КарПИ-де Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасында жұмыс істей бастады. Байқап отырғанымыздай, баяғы кәсіби азбукасын сабақтастыру қағидасымен жалғаструы, өз ісіне тұрақтылық тұрғыда қарауын аңғартады.

Білім мен ғылымды қатарынан қамти отырып, оның үзіліссіз ілгерлеу траекториясын алға жылжыту мақсатында КарПИ-нің сырттай бөлімінің аспирантурасына оқуға түседі және 1999 жылы бітіргеннен кейін Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін 14.50.01 диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңесте «Болашақ мұғалімдердің қазақ ауызша халық шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге дайындығын қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Кеңестік қоғамда осындай ұлттық мүддеге қатысты тақырыпты қазақша алып қорғау ерліктің ерлігі дегенді білдіреді.

Ол заманда мұндай проблеманың көкейкестілігін дәлелдеу қиынның қиыны екеніне менің 28 жыл Павлодар облыстың оқу бөлімінде қызмет атқаруым тұсындағы көрген азабым куә. 2010 жылы білім мен ғылымды тұтас алып, екеуін де алға жылжытудан қажымаған Салтанат Қуатқызы 2010 жылы 14.50.01 педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау бойынша «Оқушылардың этномәдени білімінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғады. Оған білім беру саласындағы бақылау комитетінің шешімімен 2017 жылдың 6 қаңтарындағы бұйрыққа сәйкес педагогика профессоры ғылыми атағы берілді (№ 5 бұйрық).

Бүгінгі саяси бағытымызда «Адал адам», «Әділетті қоғам» құру мәселесінің алғашқы ірге тасын қалаған ғалым – Салтанат Қуатқызы. Адамгершілік мәдениетін жас бүлдіршіндердің бойына дарыту бүгінгі адамның капитал болуының маңыздылығын айқындауы, оның өзі адам баласының жеке болмысының сапалық деңгейіне әсер етуі, тұрақтылық тұғырының берік болуы және когнитивті қарым-қатынаста унификациялық іс-әрекет жасауына бірден-бір мүмкіндік беретінін байқаймыз. Адамгершілік мәдениетінің ең жоғары иерархиясы басқалармен қарым-қатынас үдерісін өзара сыйластыққа қуруына және эмпатия мен әлеуметтік жауапкершілікке бағам жасап, этикалық және табысты қоғам қуруға бағыт беретініне көз жеткізеді. Әуелгі ақ паракқа жазу жазғандай бастаушта оқитын сәбилік кезеңнен шықпаған балалардың білім мазмұнын меңгерулеріне өнімді әдіс-тәсілдерді игерту де бүгінгі күннің шешетін өткір мәселесі деп түсінеміз.

Кафедрада педагогикалық және жеке-әдістемелік пәндер нысанында: педагогика, педагогикалық менеджмент, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі, педагогикалық шеберлік, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы бағытында дәріс және тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, меңгерілген біліми-ғылыми нысандардың іс-әрекетте нәтижеге қызмет етуінің сапасында жасөспірімдердің прагматикалық іскерліктерін түзуіне Салтанат Қуатқызының кәсіби шеберлігі күнен – күнге тірек көзіне айналып отырғаны баршаға аян.

Пиаже ойлау қабілетін абстрақтылы ойлау және мектеп мұғаліміне, оқушыларға білім және өзіне жақын адамдармен қарым-қатынасқа тепе-теңдік қалпын сақтауға бейімдеу айтып отырған қызметтің доминанттық мәні екені түсінікті.


Салтанат Қуатқызының қызметін ғылыми тұрғыда үдерістік қалпына бағам жасасақ, Пиаженің үдерістің бірінші сатысы – аккомодация, екінші сатысы - ассимиляция деп жіктегеніне сәйкес келеді. Аккомодация ғылыми тұрғыда сатылау деңгейді кіші элементтерді ірілету жән оны тұтастыру сияқты үдерістерден өтуін аңғардық. Ассимиляция – сол сатыларда кездесетін соқпақсыз жолдар, кедергілер. Міне, ғалымның ғылыми еңбегінің зерттеушілілік зертханасына айналуының өзі осы ассимиляциядан өтуі екені анықталды. Бұл екі үдерістің өте сирек жүзеге асырылуына Пиаже екпін жасаған. Ғылыми бенсенділіктің ұтымды болуы қоршаған ортаны дұрыс жолға өзгертуіне ықпал ететін бірнеше түйісе бермейтін проблемалардың шешілуін таба білгені де біздерге үлгі-өнеге. Белсенділіктің қозғалмалы болуының өзі оқушының, жасөспірімнің танымдық қызметтерінің координациясын таптаурын қызметке жетуіне көзғаушы күш. Осы жерде Салтанат Қуатқызы таптаурын болған нысаналардың басын біріктіріп, ойлау өнерінің психомоторлық белсенділігін схема сияқты жүзеге асыруына бағам жасаған, ғылыми-зерттеу іскерлігін ұштай алған.

Салтанат Қуатқызының келесі ерекшелегі – сенсомоторлық интеллектісінің ғылыми еңбек жазудағы айрықша көзге түсер тұсы. Бүлдіршіндердің дүниетанымдық деңгейін 2 жас шамасында рефлексік белсенділігінің дене қуатының межесімен ықпал жасаудан бірте-бірте координациялап және өзінің еңбегін ұйымдастра алу жағдайын жасау әдістері де бүгінгі күнгі тәрбие тәңірінің бала өзінің даму барысында әлемді түсінетіндей кейбір құбылыстарға мән беретініне зерттеушінің көңіл аударуы құптарлық. Нысандардың әрбір өзгерістеріне құлақ асып, олардың өзіне тәуелді еместігін аңғаруына және олардың барлығына бала көңіл бөліп, екінші сатыға көтеріледі. Бұл саты баланың дамуын білімділігі мен түсінігі ғана емес, еске сақтау қызметін іске қоса алу әрекетін өркендетуіне ғалымның жазған еңбектері көмек беретінін аңғардық. Түсінік баланың жеке тәжірибесіне қатысты құрылатынына, болашақта жеңілдетуіне мүмкіндік беретіні де Салтанат Қуатқызының ғылыми

еңбектерінде түсінікті тілмен жазылған. Сабаққа құмарлықты, қызығушылықты арттырып отыру мәселесі де нұсқалы мысалдармен бекітіліп ұсынылған.

2 жастан 7-ге дейінгі балалардың білім игеру үдрісінде лексикалық қолдану аясының маңызы да жан-жақты зерделенген. Әр баланың қабілеті әр түрлі болғандықтан, олардың сөйлеу мәдениетінде эгоорталық характері сыртқы әрекетке бейімделіп дамиды. Бұл орайда, зерттеуші пернептивті және аппернептивті қабылдауларына қатысты жұмыс түрлерін құрғаны өнімді іс-әрекетке жетектеуі демекпіз.

Абильдина Салтанат Қуатқызының ғылыми еңбектерінің иерархиясы



Абильдина С.К. басқа ғалымдардан ерекшелігі ол- ағылшын тілін меңгеруге ыңғалы болғаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Жоғары мектеп оқытушылары үшін қарқынды ағылшын тілі курсынан өтті. А1 деңгейін табысты бітіргені туралы сертификаты бар, шетел тілдер факультетінің «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша бітірген, ағылшын тілінде пәндерді оқытады: History of pedagogics, Methodology and methods scientifically pedagogical research.

Соңғы уақытта бірқатар республикалық журналдардың редакциялық алқының мүшесі болуы және «Білім және саласындағы зерттеулер» басым бағыты бойынша ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі.

2008ж. – «ЖОО үздік оқытушысы-2008ж.»;

2013ж. - өнертабыстың дамуына қосқан үлесі үшін А. Нобель медалімен марапатталды.

2013ж.-қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі және қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанаты Атқарушы хатшысының Алғыс хатымен марапатталды;

2014ж.-«ЖОО үздік оқытушысы-2014ж.»;

2015ж. - ҚР Ғылым мен техникаға қосқан үлесі үшін мемлекеттік ғылыми стипендия иегері;

2017ж. - педагогика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді;

2018 ж. - білім және ғылым Министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды

ҚР. 2019ж. - ҚР Білім және ғылым Министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

2020 ж. – «БІ.АЛТЫНСАРИН» өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі жетістіктері үшін.

2020 ж. - Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 25 жылдық мерейтойлық медалімен марапатталған.

2020ж. - ҚР Педагогика Ғылымдары Академиясының қазіргі мүшесі академиялық атағы берілді.

2021ж. – «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы)

Көріп отырғанымыздай, ғылымның әрбір жыл сайын дәрежесінің атағы мен даңқының арта түсуіне көз жеткізу қиын емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абильдина, С.К., Б.А.Жекибаева, Ж.Б.Асетова. Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды қашықтықтан оқытудың мүмкіндіктері» Программа Международной научно-практической конференции Шоқан оқулары -28 Новая научная парадигма: Коллаборация цифровизация и коммерциализация бағдарламасы. - Алматы: Эверо, 2017. - 228 б. Педагогикалық мамандыққа кіріспе [Мәтін]: оқулық 521б.

2. Абильдина С. К., Асетова Ж. Б. Духовная культура будущих учителей начальных классов как основа профессиональной деятельности

3. Жуматаева Е. Креативтік ойлауды дамытудағы когнитивтік функциялардың өзара байланысы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. «Педагогика. Психология. Әлеуметтану» сериясы. №4 (133) 2020. Нұр-Сұлтан қ. – 123-130б.

4. Жуматаева Е. Қазақ тілін жаңа технологиялармен оқытудың тағылымы Павлодар Toraihyrov University. 2023 , 199

5. Илларионова Л.П. Формирование духовно-нравственной культуры учителя в системе непрерывного педагогического образования: Дисс. ... докт. пед. наук. - М., 2002. // <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-duhovnoy-kultury> (дата обращения: 02.12.2018).

ӘОЖ 373.24

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАГДЫЛАРЫН ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНҢ БІРІ – ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ ДАМУ

Жұмабек А.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту – білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттарының бірі. Бала тілінің дамуы оның танымдық, эмоциялық және әлеуметтік қалыптасуына тікелей әсер етеді. Осы тұрғыда халық ауыз әдебиеті үлгілері – ертегілер, жұмбақтар,